

*Қазақтың дарабоз ақыны –
Мағжан Жұмабаев*



*Мағжан Жұмабаев –
қазақтың бес
арысының бірі,
халқымыздың от
жалынды, зор
талантты ақыны.*

(1893-1938)



Өмірбаяны

Мағжан Жұмабаев - қазақ поэзиясының ірі өкілдерінің бірі. 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Сасықкөл деген жерде туған. Бала кезінен өте зеректігімен көзге түскен Мағжан төрт жасынан хат таниды. Қызылжардағы М. Бегішев ашқан медреседе 5 жыл оқып, 1910 жылы бітіреді

1910-1913 жылдары Уфадағы "Ғалия" медресесінде оқиды. 1912 жылы Қазан қаласында ұстазы, татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың көмегімен "Шолпан" атты тұңғыш жинағы басылып шығады. Осыдан соң Мағжан Жұмабаев Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түсіп, 1916 жылы оны медальмен үздік аяқтайды. Семинарияны бітірген соң "Алаш" партиясын құруға қатысады. Жиырмамыншы жылдардың бірінші жартысында шығармашылық өнімді еңбекпен шұғылданады. Әйгілі "Батыр Баян" поэмасын жазады, баспасөзде біраз дүниелері жарық көреді.

1923-1927 жылдары М.Жұмабаев Мәскеуде жоғарғы әдеби-көркемөнер институтында оқиды. Бұл жылдары орыс, Батыс Еуропа әдебиетін терең зерттеп оқиды. 1929 жылы ол "Алқа" атты жасырын ұлтшыл ұйым құрды деген жалған айыптаумен сотталады. Шын мәнінде бұл әдеби платформаға қатысты үйірме болатын. Шығармашылықпен, айналысқан алғашқы он жылда ол ұлт-азаттығын поэзияда ең терең қозғалған ақын болды. Өкінішке орай, 1929 жылдан 1938 жылға дейінгі ақынның он жылдық ғұмырында шығармашылық үнсіздік орнайды.

Ақын 1938 жылы халық жауы деген "үштіктің" шешімімен жазықсыз атылады. Ол қазақ әдебиетін орыс, Еуропа әдебиетінің биік деңгейіне көтерді. Елінің тарихы мен мәдени мұраларын терең білуі "Батыр Баян", "Қорқыт", "Оқжетпестің қиясында", "Қойлыбайдың қобызы", "Ертегі" т.б. сияқты тамаша поэмалар тудырды. Мағжан "Педагогика" оқулығында халықтық педагогика мен психологияға талдау жүргізді.

Мағжан поэзиясының жоғары идеялығы, отаншылдық, ұлттық рухқа толы болуы, өлеңдерінің ерекше бейнелілік, көркемдік формасы, жаңашылдығы заманынан басы озық, ілгері кеткен ақын екендігін

көрсетеді.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!...
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!


8С(Каз)

Е 50

Елеуенов Ш. Р. Мағжан Жұмабаев. – Алматы: Рауан, 1991. – 75 б.

Филология ғылымдарының докторы Ш. Р. Елеуеновтың бұл кітапшасы бетбұрыс заманының шапағатымен халқымызға қайта оралған, қазақ сөз өнері, алыптардың бірі Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен творчествосына арналған.

Барлығы: 1 дана (көркем әдебиеттер абонементі).





Мағжан Жұмабаев

(1893-1938)

“ Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?»

*Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,
Жер еркесі - желдің жөнін кім сұрар?*





84(5Каз)

Ж 81

Жұмабаев М. Туған жер. – Петропавл, 2008. – 382 б.


Қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік ақын – Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы қай дәуірде болсын бағасын жоғалтпасы анық. Түркі әлемі мойындаған жыр пайғамбарының мол мұрасы мәңгілік жасай бермек.

Өлеңдері мен дастандары топтастырылған жыр жинағы ұлы ақынның 115 жылдығына арналған.

Барлығы: 1 дана (көркем әдебиеттер абонементі).



Қазақ ақыны



84(5Kaz)

Ж 81

Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 256 б.

Жалғыз қазақ емес, күллі Тұран жерінен шыққан түркі текті халықтардың мақтанышына айналған, көзі тірісінде – ақ мәңгілік сөнбес Шолпан жұлдызындай жарқырап шыққан Мағжан ақын жырлары уақыт өткен сайын соны қырынан танылып, жаңа да жас оқырманын тауып отырары сөзсіз.

Қалың жұрт ұзақ жылдар көз жазып қалған қазақтың ұлы ақынының бұл кітабына әр жылдары жазылған өлеңдері мен поэмалары топтастырылған.

Барлығы: 3 дана (көркем әдебиеттер абонементі).



ZHARAR

WWW.ZHARAR.COM

ЖАРАР.ХӨӨРӨӨ.СОМ


84(5Қаз)-5

Ж 81

Жұмабаев М. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 320 б.

М. Жұмабаевтың бұл жинағында, маржан жырларынан түзілген өлеңдері мен поэмалары енгізілген. Мағжан жыры, Мағжан мұңы – халықтың сыры, шындықтың шыңы. Ұлтын, жұртын өртеніп сүйген ақынның рухы – оқырманның көкірек көзіне шоқ, көңіл көкжиегіне шуақ берері сөзсіз.

Барлығы: 1 дана (көркем әдебиеттер абонементі).





Әбілмағжан ЖҰМБАЕВ

*Алаш қозғалысының қайраткері, ақын,
қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы*

Қазақ
прозасы
Хрестоматия

III



84(5Қаз)

Қ 14

Жұмабаев М. Шолпанның күнәсі // Қазақ прозасы: Хрестоматия. Үш томдық. III том. – Алматы: Ғылым, 2001. – 548 б.

Қазақ халқының Х-XX ғасырлар аралығында дүниеге келген прозалық туындыларының хрестоматиялық жинағы үш томнан тұрады. Жинақтың үшінші томына М. Дулатов, Т. Жомартбаев, С. Көбеев, С. Торайғыров, Б. Майлин, Ж. Тілепбергенов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сәдуақасов, М. Әуезов тәрізді қазақ әдебиетіне елеулі еңбек сіңірген қаламгерлердің шығармалары енген.

Барлығы: 1 дана (көркем әдебиеттер абонементі).



Ақында адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.

Мағжан Жұмабаев

adebiportal.kz

*Біздің Виртуалды көрмемізді
тамашалағаныңызға рахмет,
келесі кездескенше!*

*Мы рады что вы посетили
нашу Виртуальную
выставку, до новых встреч!*